



МҰРАТ ҚАЗАЛЫ

№60
(2231)
Сенбі
13 шілде
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

«АМАНАТ» ФРАКЦИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ ҚАЗАЛЫЛЫҚ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттары, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері: Мұрат Ергешбаев пен Мұрат Әбенев ауданға жұмыс сапарымен келгенде жастармен кездесу өткізді.

Аудандық білім бөлімінің ғимаратында өткен кездесуде депутаттар Парламентте қабылданып жатқан заң жобаларына, оның ішінде ойын бизнесі, лотерея қызметі және лудоманияға қатысты заңдардың мән-маңызына тоқталды.

«Бүгінде жастар арасында құмар ойынға қызығып, жаман әдеттің шырмауына түскендердің саны күннен-күнге артып келеді. Жас ұрпақты құмар ойынның зиянды ықпалынан жан-жақты қорғау мақсатында Парламентте заң жобасы қабылданған болатын. Күні кеше Мемлекет

басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ойын бизнесі, лотерея қызметі және лудоманияға қатысты заң жобасына қол қойды. Алдағы уақытта қоғам дертіне айналған өзекті мәселені реттеуде бұл заңның маңызы өте жоғары болмақ деді», - деді Мұрат Әбенев.

Сонымен қатар, халық қалаулылары қазірге кезде мемлекет тарапынан жастарды қолдауға бағытталған бағдарламалар мен жобалар жетерлік екенін атап өтті. Жастардың түрлі тақырыптардағы пікірлері мен ұсыныстарына құлақ түріп, сауалдарына жауап берді.



ҚАЗАЛЫЛЫҚ СПОРТШЫ ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫНДА ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАЙДЫ



Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Франция елінде өтетін XXXIII жазғы Олимпиада ойындарына қатысатын Қазақстан құрама командасының мүшелеріне Мемлекеттік туды тапсырды.

Төрт жылда бір рет өтетін дүбірлі додаға еліміздің ең мықты спортшылары аттанып, ел намысын қорғамақ. Байрақты бәсекеге аттанған үздіктердің қатарында қазалылық Абылайхан Жұбаназар да бар.

– Біз сіздерге зор үміт арттамыз. Бүкіл халқымыз – сіздерге жанкүйер. Жалпы, қазақ спорт мектебінің

мәртебесі қашанда биік. Спортшыларымыз әрдайым елге жұлдемен оралып жүр. Осы даңқты жолды абыроймен жалғайсыздар деп сенемін. Шын мәнінде, сіздердің жеңістеріңіз тұтас Қазақстанның жеңісі болмақ. Көк туымыз желбіресе, ұлтымыздың рухы асқақтайды, – деді Мемлекет басшысы спортшылармен кездесуде.

Айта кетейік, бүкіл әлем асыға күтетін дүбірлі додада қазалылық спортшы дзюдодан 81 келі салмақта бақ сынап, еліміздің намысын қорғамақ. Жерлесімізге сәттілік тілейміз!

ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте ауданымызда «Таза Қазақстан» республикалық акциясының іске асырылу барысы талқыланды.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы шеңберінде аудан орталығы мен елді мекендерде тазалық, көркейту, абаттандыру жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. Ал аудан орталығы 7 аймаққа бөлініп, әрбір аймаққа жауаптылар бекітіліп, тазалық жұмыстары ұдайы атқарылуда. Аталмыш жұмыстар жыл соңына дейін жалғасатын болады.

Мәжілісте аудан әкімі ауылдық округтер мен аудан орталығының тазалығына қатысты бірқатар орын алған кемшіліктерді слайд арқылы

көрсетіп, кемшіліктерді шұғыл қалпына келтіруді тапсырды. Сондай-ақ еліміз бойынша жүргізіліп жатқан республикалық экологиялық акция Мемлекет Басшысының тапсырмасы болғандықтан бұл мәселеге салғырттықпен қарағандарға тиісті шара көрілетіндігін ескертті.

– Тазалық шаралары бір реттік науқан емес, өмір салтына айналдырып, яғни жұмыстарды сапалы әрі тыңғылықты орындау өте маңызды. Сондықтан әрбір кент, қала және ауылдық округ әкімдері мен тазалық жүргізілетін аумақтардың жауапты басшылары өздеріне бекітілген жерде тазалық жұмыстарын ұдайы жүргізіп отыруы тиіс, – деді аудан басшысы.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

ЖАЗУШЫ, ПУБЛИЦИСТ Ә.ӘЛІШЕВ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ, РУ АТТАРЫ ХАҚЫНДА

Егер халық болып қалыптаса бастағанымызды бес ғасыр деп зерделесек, оның тең жарымы жерімізді, суымызды, еркіндігімізді билеген отаршыл жүйенің еншісінде кеткен уақыт деп байымдасақ, ал Тәуелсіз мемлекет болғанымыз тарихымыз үшін мезеттей-ақ көрінуі мүмкін.

Сандарды салыстырып, солайы-солай-ау дегенмен, ұлттық санамызға іргелі мемлекет болуымыздың ең негізгі шарты болатын тәуелсіз елдің азаматы деген қасиетті де, қымбат ұғымның орнығуы - әрқайсымыз үшін рухани түлеу, рухани жаңару болғаны ақиқат.

Соның бірі – сонау ғасырлар қатпарына, дәуірлер тереңіне ой жіберіп, өткенімізді өлшесек, ел аузындағы дін ілімін жетік білген, діни сауатты ғұлама әулиелер, ишандардың айналасындағы ру және жер-су атаулары туралы дәл осындай кеңінен сөз болмаған шығар...

Дүниеде атаусыз нәрсе жоқ, әр нәрсенің өз атауы бар, тіпті, тау мен тастың, кішкентай бұлақтың немесе жота мен төбешіктің, белдің де өзіндік атауы бар. Соның бірі – жазушы, публицист Әлмәмбет Әлішевтің «Жеті ишан» туралы шығармасында (одан әрі – шығарма) негізінен Қазалы - Арал аумағындағы ру және жер-су аттары біршама көрініс тапқан.

Автордың шығармасындағы жер-су, ру аттарына көңіл аударудағы мақсатым, келер ұрпақ жазушы әлемін жан-жақты зерттеп, оның шығармаларындағы ұмыт болған атауларды жинастырып, Қазақ ономастикасының (топоним, антропоним, этноним, гидроним, ороним, ойконим, тағы басқа) дамуына үлес қосса деген үміт, әрі игі тілек.

Кезінде мектеп мұғалімдері біздерді түрлі үйірмелергетартып, мамандық таңдауымызға ықпал еткені баршамызға аян. Осы дәстүрлі бағыт республика, облыс және аудандық білім беру ұйымдарын атамағанда, кез келген ауылдың мектеп мұғалімдері, мектеп ұжымдарының басты жұмыстарының бірі екені тағы да белгілі.

Біздіңше, шығармада кездесетін, бірақ та бұл күнде ұмыт болған атаулар 1950 жылдарға дейінгі аудан картасында сақталуы мүмкін. Өйткені, туған ауылдың әрбір ономастикалық атаулары талай ғасырдың куәсі болған тарихи сөздерді өз бойына жинақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен бабалар мұрасы. Шығармада кездесетін менің бала кезімнен таныс атау-

ларды есітіп, жадымызда сақталғандар, олар: Қазалы, Арал, Үсеннің Сарытөбесі, Ақшатау көлі, Шөміш көл, Қарашалаң, Бөген, Көктем, Көгертү, тағы басқалар.

Қазақ ономастикасының негізін қалаушылардың бірі, қазақ ономастикасының абыз ақсақалы Т. Жанұзақов: «Ру, тайпа аттарына лингвистикалық талдау жасау негізінде олардың лексикалық құрамын, жасалудағы тілдік заңдылықтардың сипаттарын, этимологиялық сырларын көре аламыз. Ал тарихи-стратегиялық жолмен зерттеу арқылы этнонимдік тілдік қабаттардың сырын, яғни этнонимдердің шығу, пайда болу тетігін, белгілі дәуірге тән топтарды айқындау мүмкіншілігі туады» (Т. Жанұзақов. Қазақ тілі ономастикасының негізгі проблемалары//Филология ғылымының докторы дәрежесін алу үшін жазылған докторлық диссертация (қолжазба).- А., 1974),- деп жазғандай, қолымызға түскен алты ата Әлімұлы бірлестігіне қатысты ру аттары туралы бүкіл саналы ғұмырын туған елінің, жерінің тарихына, өткені мен бүгінгісіне арнап қалам тербеген, жазушы, публицист, КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасының құрметті журналисі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Қазалы ауданының құрметті азаматы Әлмәмбет Әлішевтің «Жеті ишан шыққан жер» атты шығармасына сүйеніп сөз етуді жөн көрдік.

Тарихқа сәл шегініс жасасақ, Кіші жүз бірлестігі бірлестігі құрамындағы Әлімұлы руларының мекендеген қоныстары туралы Х. Досмұхамедұлы: «Әлімұлы: Алты аталы Әлім тұтасымен Темір, Ырғыз, Қазалы уездерін мекендеген, аздап Гурьев уезінде болған» (Х. Досмұхамедұлы. Аламан. - А., 1991),- десе, осы жол авторы жазушы М. Қаназдың «Жанқожа» шығармасындағы кейбір қазақ этнонимдеріне тоқталып, Жанқожа батыр бастаған халық көтерілісіне қатысты алты ата Әлімұлы руларының қоныстану мекендері туралы: «Қараөткелде қаракесек, дарияның арғы бетінен Асан мен Үсен, Жанкент жағынан Жиеней, Жолшара, Ақиректе Құрманай, Құттық жамиғатының түгел аттарын тақтап, найзаларын саптай бастады» (М. Қаназ. Жанқожа: хикаят пен әңгімелер. - А., 2001.; М. Қожанұлы. The use of the kazakh ethnonyms in



the M. Kanaz writer's work «Zhankozha» - ағылш. тілінде)// European Applied Sciences. № 8. 2016.),- деп жазғандай, бірбірімен сабақтасып жатқан рулық қоныстары мен мақсат-мүддесі осылайша сипатталады.

Сөз етіп отырған жазушы шығармасында Арал-Қазалы төңірегінде мекендеген Әлімұлына қарасты аталас ағайын руының қоныстанған жерлері туралы: «Мәселен, Кішкененің үлкен баласы – Жиенейге қазіргі «Өркендеу», «Бозкөл», «Кәукейді», Жолшораға – «Бірлікті», Асанға – қазіргі Үрмәш Түктібаев, Майдакөл, Бекарыстан би, Қожабақы ауылдарының жерін, Үсенге – «Құланбай» мен «Сары төбені», «Кіші Бір қазандыдан бастап» «Қаражан төбені», Құрманайға – қазіргі Мұратбаев аулын, Құттыққа – қазіргі Жанқожа баба аулы мен Ақтан баба аулын, Жақайымға – «Ақшатау» көлін, Арданаға – «Шөміш көлді», Татыранға – бұрынғы «Беларық», қазіргі «Жаңақұрылысты», Күлікке – «Бөгенді», Алтынбайға – «Көгертү», «Көктемді» бөліп берген»

(Ә. Әлішев. Жеті ишан шыққан жер. - Әйтеке би кенті, 2011),- деп жазады.

Екі қаламгерде өз шығармаларын тарихи аңыз-деректерге негіздей отырып, алты ата Әлімұлы руларының қоныстану мекендерін сөз еткенін аңғарамыз.

Жазушы шығармасында: «...Мен болсам, мақтанып отырғаным жоқ. Менің кіндік қанымтамған жерде теңдесі жоқ Ұлы адамдар-ғұлама ишандар болғанын мақтан етіп отырмын!» (Ә.Әлішев. Жеті ишан шыққан жер. - Әйтеке би кенті, 2011.),- дегендей, қазақтың әрбір жері мақтануға тұрарлық киелі, қасиетті мекен екенін жазушының арман-мақсатына үн қосқан жайымыз ғана.

Мақалаға арқау болып отырған Әлімұлына қарасты рулардан шыққан Жеті ишан туралы аңыз-әңгімелер аясында жазушы Ә.Әлішев: «Ары өткен, бері өткен жолаушы! «Құланбай», «Сары төбеге» келгенде сәл іркіліп, басыңды иіп, тағзым ет. Бұл – бүгінде елсіз жатқан жапан далада бір кезде ғұмыр кешкен жеті ғұлама – жеті ишанның рухына бас игеніміз» (Ә.Әлішев. Жеті ишан шыққан жер. - Әйтеке би кенті, 2011.),- деп жан-жақты сөз еткендіктен, бұл жерде Жеті ишан бабамыз төңірегінде өрбіген бала кезімнен есте қалған бір-екі атау аясында өз пікірімді білдіруді жөн көрдім.

Соның бірі – Үсеннің Сары төбесі, екіншісі – өзін Үсеннің Байсарысымыз, оның ішінде Азатымыз деп, Үсен руының жетінші ишаны атанған Шоймағамбет ишан бабамыз Қаракесек руынан шыққан.

«Үсеннің Сары төбесі» атауына қатысты, ертеде әкеммен бірге Қазалы ауданындағы құда-жекжаттарына бара жатқанда, не қайтқанда бір ауылдың (қай ауыл екені есімде жоқ) тұсынан өтіп бара жатып, сәл тоқтап, анау төбе «Үсеннің Сарытөбесі» деді. Ол кезде мән бермедім. Кейінірек, әкемнен жер аты неге олай аталған? деп сұрағанымда, «Мен білетін анық нәрсе: Бабамыз (Үсен) мекендеген жерде кішігірім төбешік болатын, оны «Үсеннің Сарытөбесі» деп атайтын (Бұл Қызылорда облысы, Қазалы ауданы аумағында). Қайдан білейін, мүмкін, сол төбенің жанында дүниеге келгендіктен «Жансары» деп ат қойған шығар»,- деген еді. Кейін докторлық жұмысымда осы атауды жол-жөнекей атап өткенім болмаса, тереңірек тоқталған жоқпын (М. Қожанұлы. Қазақ этнонимдер жүйесі. - Аст., 2011). Қарап тұрсам: бір ғана ауылдан, батыр атамыз Кішкенеден тарайтын Үсен руынан білімдар жеті ишанның шығуы, бұл кездейсоқтық па, әлде олар сол өңірде рухани-діни білімнің негізін қалаушылар ма, ол жағы бізге жұмбақ. Білгенім, ол жерде бала оқытатын білім ошағы мешіт болғаны, бабаларымыз білімдар, ақылгөй, дана кісілер болғанын көреміз. Қашан да ауылдың білімдар адамдары кешке қарай ауыл маңындағы төбеге жиналып, әңгіме-дүкен құруынан «Үсеннің Сарытөбесі» атауы бекер аталмаса керек (мысалы, бала кезімізде ауылдың үлкендері жиналып, оқшаулау жерге барып, оңаша әңгімелесетінін талай көзіміз көрді. Бірақ кез келген төбе олай атала бермейді ғой).



ҚАЗАЛЫНЫҢ ҚАЛДАНЫ



-Мынау отырған милиция аға лейтенанты Қалдан Бештембеков қазіргі кезде облыс бойынша өте тәжірибелі беделді тергеуші, арнаулы жоғарғы оқу орнын бітірмесе де тергеу саласын жақсы меңгерген.

Сотқа жолдаған материалдарынан ешқандай қылмыстық іс кері қайтқан емес. Тергеу саласындағы ең үздік Қазалының Қалданы десе бәрі біледі, – деп сөзін түйіндеді жылдық қортынды жиналысқа қатысқан облыстық ішкі істер басқармасының бастығы, милиция-генерал майоры Біләл Омаров.

Және де жоғарғы мәртебелі алтын зерлі генерал арнаулы жоғарғы оқу орындарын бітірген офицерлер осы тергеуші Бештембеков жолдастан үлгі алулары әрі үйренулері керек дегенді қосып қойды. Бұл 1976 жылдың желтоқсан айы болатын.

Иа, тергеуші Қалдан Бештембековты кезінде Қазалы халқы жақсы таныды, сыйлайтын. Тергеуші Қалдан десе болды істі болғандардың туыстары да, өздері де, қазағы мен орыстары да (ол кездерде Қазалыда орыс, тағы басқа ұлт өкілдері көп болатын) ол әділ, сауатты, тәжірибелі, жақсы тергеуші деп бағалайтын. Түсінігі мол адамдарға қылмыскер болса да адамша қарайтын пагондылардың ішіндегі ерек-

ше азамат деп атқарған адал қызметіне ел сүйсінетін.

Милиция формалы киімі ағамызға жарасатын. Таза киініп жүретін. Ақ көйлек, ақ фуражка киіп, галстук тағып, формалы киіммен көшеде келе жатқандағы жүрісі өте жарасымды еді. Жас пагондылар Қалекендей болсақ деп еліктейтін, ұқсап бағуға тырысатын. Үнемі жеке меншігіндегі жеңіл автокөлігімен жүрсе де көлігі тап-таза болатын. Орта бойлы, қимылы ширақ, айтқан сөзі нық, бет әлпеті сырттай қарағандарға сұстылау көрінгенімен жүрегі мейірімділікке толы жан еді. Адаммен сөйлесіп тұрғанда оның жалған не шын айтып тұрғанын бет әлпетінен, көзінен, сөзінен сезетін ерекше қасиеті болатын. Онысын көп жыл тергеу саласында қызмет еткендіктен ғой деп ойлайтынбыз.

1977 жылдың жаз айында қылмыс болды. Әйел зорлау фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалғанмен қылмыскер табылар емес. Қырық жас шамасындағы қазақ жігіті милиция бөлімінің кезекшісіне келіп осында әскерде бірге болған достарым бар еді, – деп бір-екі сержанттың есімдерін атап сұрайды. Олар сол күні жоқ екендерін кезекші оған түсіндіреді.

Кезекші офицерге жолыққан әлгі жігітті Қалдан тергеуші байқап қалып өзіне шақырып, кабинетіне кіргізіп бірден бұлтартпастай сұрақтар беріп әйел зорлаған қылмысын мойындатады.

-Бірнеше күн оперативтік қызметкерлер іздеп таба алмай жүрген қылмыскерді қалай аяқ астынан тауып мойындаттың Қалекен-ау, – дейді ғой әріптестері.

Қалекеннің оларға беретін жауаптары дайынды.

-Ешқандай қылмыскер мен қылмыскермін деп айтпайды. Оны сезікті адамның бет әлпеті, көзі, жүріс-тұрысы айтады. Сондан білуге болады дейтін.

Тәжірибе, оперативтік шеберлік, қырағылық пагон таққан әрбір қызметкерлерге

жетіспей жатады. Барынша қызметіңе беріліп жұмыс істеуің керек. Сонда ғана өз қызметіңнің профессоры боласың дейтінді.

Қалекен нәзік жанды әйелдермен тез тіл табыса білетін. Әйелдер арқылы талай ауыр қылмыстардың бетін ашып әшкерелегенінің куәсі болғанбыз.

Бейкүнә қыршын жас жігітті өлтіріп әжетхананың қапталына көміп тастаған қаныпезердің жантүршігерлік қылмысын Қалекен арада екі жарым жыл өткізіп барып әйелдер арқылы әшкереледі. Жас жігітті өлтіріп не істерін білмей аласұрған қылмыскер тағы бір жеңіл-желпі қылмыс жасап екі жылға түрмеге жіберіледі. Бұл қазалыдағы ауыр қылмысының ізін суытып, уақыт өткізіп ізін жасыру үшін жасаған айласы болатын. Ол дегеніне қанышер жете алмады. Түрмедегі жазасына көп жыл қосып алып ақыры түрмеде қаза тапты.

Бұл жайлы осыдан 50 жыл бұрын қазалылық жазушы Киікбай Ізетов ағамыз «Жұлдыз» журналына және «Қоғамдық тәртіп сақшылары» атты кітапқа кең көлемде мақала жазған болатын.

1977 жылы жеңіл жүрісті қыздың жүкті болып туған баласын аязға қатырып өлтіріп, шарбағындағы қорадағы бөшкенің ішіндегі қоқыс арасына жасырып қойғанын да тәжірибелі тергеуші анықтап, жазалануына себепші болды.

1978 жылы Әйтеке би кентінің Калинин көшесінде түнмезгілінде адам қағып қашып кеткен жүк автокөлігінің астыңғы рессорына жабысып қалған бір тал шаштан қылмысты әшкерелеп Қалекен марапатталған еді.

Тәжірибелі тергеушінің еңбегі әрдайым ескеріліп отырды. Мемлекет тарапынан берілген ондаған медальмен екі орден омырауында жарқырады. Төс белгілерімен мадақтамалар да жеткілікті.

Қалдан ағадан тәлім тәрбие алған ізбасарлары: Ералиев Орынбасар, Айманов Мырзабек, Келімбетова Гүлнәр,

Пірімбетов Жасарал, Махамбетов Серік, Закиров Сейдулла, Қыпшақбаева Ләззат облысқа танымал беделді тергеушілер қатарына дейін көтерілді. Басшылық қызметтерге жоғарылап, жоғарғы шенді подполковник дәрежелерін иеленді.

Қалдан Бештембеков ағамыз Ұлы Отан соғысының ардагері болатын. Құрметті еңбек демалысына шығарда ішкі істер қызметінің подполковник шені берілді.

Қалекен ағамыз қазақтың ескі шежірелерін айтудың шебері болатын. Көңілді отырғанда ескі қазақтың әндерін де ұнамды қоңыр даусымен нақышына келтіре шырқайтын.

Тергеу саласының майталманымен өте жақсы қарым қатынаста, сыйлас болған інісі қазалылық Баймұратов Кәрім қария:

-Қалекен Қазалы қаласының, ондағы іргелі мекемелер, автотранспорт кәсіпорны, қалалық кеңес, бұрынғы ауыл шаруашылығы техникумы, №34 кәсіптің техникалық училищесін, қаладағы аурухана, кітапхана, мектептер, Ояз бағының, Ғанибай байдың керуен сарайының тарихын, Қазалы қаласынан шыққан Ғани Мұратбаев, Ертас Бөлекбаев, тағы басқа да белгілі тұлғалардың өмірдеректерін қазақтың байтілімен түсінікті түрде айтқандарын ұйып тыңдайтынбыз. Ол кісі Қазалының Қалданы еді ғой – деп еске алады.

Қалай мақтауға да тұрарлық қос майданның жауынгері, жоғарғы шенді ішкі істер қызметінің офицерінің ұрпақтары ағамызды еске алып, ас бергелі жатыр.

Қазалының Қалданы атанған ерекше азаматтың өнегелі істері кейінгі пагон таққан қоғамдық тәртіптің жас сақшыларына жұғысты болғай демекпіз.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
Қазақстан Республикасы
Журналистер
Одағының мүшесі,
Әйтеке би кенті

МЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТ – ЖЕМҚОРЛАРСЫЗ МЕМЛЕКЕТ

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттердің көпшілігінде бар. Қазақстан да одан сырт қалған жоқ. Өкінішке қарай, сыбайлас жемқорлық әлі де біздің қоғамның ауыр дерті болып отыр. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы. Мықты мемлекет болуымыз үшін жемқорларсыз мемлекет болуымыз керек. Сондықтан жемқорлықтан қоғамды тазартуымыз керек деп білемін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Президенті Қ.Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін айтты. Бұл бағытта бірқатар маңызды міндеттер

атқарылған, атап айтқанда, қарамағындағы қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қатысы анықталған жағдайда оның басшысының қызметінен босатылуы заңмен бекітілді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін заңнамамен сараптау жұмыстары күшейтілді. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын

толық білулері қажет.

Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық емес. Бұл мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендетеді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі керек.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды. «Сарыбұлақ» ауылдық округі әкімінің аппараты қызметкерлеріне жұмыста жүргенде және жұмыстан тыс уақыттарда

әдептілік сақтау, адал, әділ, қарапайым болуға, қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік таныту, қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбау керектігі жөнінде қызметкерлерге құқықтық сауаттандыру мақсатында ай сайын құқықтық оқулар өткізіліп келеді.

Руслан ЖАҢАБАЙ,
«Сарыбұлақ» ауылдық округінің әкімі

ЖАЗУШЫ, ПУБЛИЦИСТ Ә. ӘЛІШЕВ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ, РУ АТТАРЫ ХАҚЫНДА

(Соңы. Басы 2-ші бетте)

«Алты Кішкене (кейде алты ата Кішкене)» атанған Үсен руына берілген «Құланбай» мен «Сарытөбе» ата қонысы екені бүгінде жер аты түрінде сақталғанын нақтылай түседі (Ә.Әлішев. Жеті ишан шыққан жер. - Әйтеке би кенті, 2011.).

Айтпағымыз: білімдар, ақылгөй арғы бабаларымызбен мақтанайық, олардың рухтары, барша қазақ елін желеп-жебеп жүрсін!

Жетінші ишан атанған Шоймағамбет ишан бабамыздың шыққан тегі Қаракесек руына келсек, тарихи және шежіре деректерінде Қаракесек руы туралы отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерінде кеңінен сөз етілгені белгілі. Кезінде зерттеу жұмысымызда Қаракесек руы хақында сөз еткендіктен, бұл жерде қайталап жатуды қажет деп таппадық (М. Қожанұлы. Қазақ этнонимдер жүйесі. - Аст., 2011.).

Оқырман назарына, Кіші жүз қазақтарында: «Әлімнің үлкені де Қаракесек, кішісі де Қаракесек», - дегендей, Кіші және Орта жүз құрамындағы Қаракесек руы қай жүзден екенін дәл басып айтпасақ та (жазушы Қ.Салғарин, М. Көпеев шежіресіндегі аңыз деректерге және Ж.Смайлов авторы белгісіз «Қарқаралы» журналында жарияланған Б.Рақымовтың «Қаракесек» атты поэма жолдарынан Арғын ішіндегі Қаракесек руын Кіші жүзден таратады), бүгінгі Әлімұлындағы Қаракесек руы туралы А.И. Тевкелев, М. Тынышпаев, С. Аманжолов, Т. Жанұзақов, А. Сейдімбек, тағы басқа ғалымдар пікірлеріне сүйеніп, Алшын тайпалық одақтың бір бөлігі ретінде қараған жөн.

Жоғарыдағы екі атауға қатысты түрлі пікірлер болуы мүмкін, бірі - есімде қалған әңгіме желісінен туған пікір болса, енді бірі - зерттеуден кейін түйген ой-тұжырым, пайымдауым.

Еліміздің экс-Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Өткен заманды аңсау емес, тауқыметі мол болса да, өзіңе етене жақын тарихыңды қастерлеу қажет» (Н.Ә.Назарбаев. Тарих толқынында. - А., 2003), - деп атап көрсеткендей, әрбір атаудың қойылуы мен қалыптасу тарихы бір жылдың немесе бір ғасырдың жемісі емес. Біздің мақсат - облыстық, аудандық ономастика комиссиясы аудандық білім беру бөлімімен бірлесіп, өңірде сақталған және өңірден шыққан ақын-жазушылар шығармасында кездесетін сан қилы сыры мол атауларды жинақтап, белгілі бір өңірлерде өмір сүрген бабалар мұрасындағы атауларды (жер-су, ру, тағы басқа) кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдыру - баршамыздың ортақ ісіміз және отандық қазақ ономастика ғылымына үлес қосу.

Манасбай ҚОЖАНҰЛЫ,
филология
ғылымдарының кандидаты,
профессор
Астана қаласы

ҮШ АУЫЗ СӨЗ

Қазақты тәрбиелеген 3-ақ ауыз сөз бар. Ол - «ұят болады», «обал болады», «сауап болады» деген ұғымдар. Бүгін қазақтың бүкіл өмірімен біте қайнасып, қанына сіңіп кеткен осы 3 ұғымның мәнін талқылап көрсек дейміз:

1. ҰЯТ БОЛАДЫ.

Иә, бәрімізді ата-анамыз осы бір сөзбен тәрбиелеп өсіргені рас. Ұят болады деген өлген адам жоқ. Керісінше, жетілді. «Үлкендердің атын атама, ұят болады», «алдын кесіп өтпе, ұят болады», «көршінің затын алма, ұят болады», «қарқылдап күлме, ұят болады», «мұғалімге сөз қайтарма, ұят болады». Қарап отырсаңыз осының бәрі айналып келгенде адамның өзіне, қоғамға пайдасы тиетін дүниелер екен. «Ұят боладының» ар жағында «Ұят - иманнан» деген хадис жатқанын ескерсек, дана қазақ осы бір - ақ сөз арқылы ұрпағын жамандықтан, а р с ы з д ы қ т а н , азғындықтан тыйған екен.

2. ОБАЛ БОЛАДЫ.

Шариғатта «обал» деген сөз «артында жазасы, сұрауы бар» деген мағынаны білдіреді. Мұны білген қазақ «нан

қоқымын жерге тастама, обал болады», «нанды теппе, обал болады», «құмырсқаны өлтірме, обал болады», «құсты а з а п т а м а , обал болады», «біреуге қиянат жасама, обал болады» деп адамның басына қайта айналып келетін ж а м а н д ы қ т а н тыйған, ескерткен, тоқтау салған. Ал Алла Құранда: «Кім заттың ең кішкентай бөлшегінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді. Және кім заттың ең кішкентай бөлшегінің салмағындай жамандық істесе, оны да көреді», - деп ескертеді. («Зилзала» сүресі, 7,8-аяттар)

Демек, бұл - Қиямет күні адам Алланың алдында есеп беріп, жасаған жамандығының обалына қалады деген сөз.

3. САУАП БОЛАДЫ.

Бұл - таза шариғи термин. Сауап сөзі «сый», «ақы», «қайтарым» деген мағыналарды береді.

Қазақ неге баласын осы сөзбен тәрбиелеген десеніз, бұл таза иманмен байланысты нәрсе.



Әрбір жақсылыққа он есе сауап берілетінін ескерсек, қазақ:

«Жетім - жесірге қарайлас, сауап болады», «Туғаныңа қайырым қыл сауабы тиеді», «Мұқтаж адамға бөліп бер, сауап аласың» деу арқылы баласын Есеп беретін күнге дайындалуға, Алланың сүйікті құлы болуға дағдыландырған. Адам істеген жақсылығының сауабын, қайтарымын Қияметте көреді.

Демек, қазақтың «Ұят болады», «Обал болады», «Сауап болады» дейтін тәрбиесінің астында үлкен мән, ерекше тағылым бар екен. Бала тәрбиелеудің бұдан асқан үлгісі бар ма, айтыңызшы?

**«Қазалы Ынтамағы»
Қоғамдық Бірлестігі**

ДАЛА ӨРТІНЕ АБАЙ БОЛАЙЫҚ

Өрт - барлық апаттың бастауы. Ол күрделі шығынға әкеліп соқтырары сөзсіз. Оған деген немқұрайлықтан, селқостықтан арылуымыз керек. Өрт әр түрлі жағдайда шығуы мүмкін, сол өрттердің бір түрі орман - тоғай өрті. Теледидардан байқап отырсаңыздар әр жылдың жаз айларында, әсіресе орман-тоғай өрті көп орын алып отырады. Бұл өрттер күннің қызуынан шөптердің қурап, көгеріп өзі өрттенуінен және де саяжайға демалысқа барған азаматтар мен

азаматшалардың ошақ құрып, от жағып, өртті өшірмей немқұрайлы қараусыз қалдыру салдарынан болып отырады. Табиғатты қорғауда орман шаруашылығы мекемесі қызметінің маңызы зор. Әрбір қорықшы өзіне бекітілген учаскесінде бақылауды күшейткен жағдайда өрттің шығуы да аз болар еді. Өрттердің шығу себептері шаруашылық басшыларының, жеке азаматтардың көктем айларында егіске, бау-бақша егуге даярлық кезінде өртке қарсы ережелерді

сақтамауынан. Атап айтатын болсақ, егіс егетін жерлерді, су арналарын арам шөптерден тазарту үшін өртейді де, отты сөндірмей бақылаусыз қалдырып кетеді. Соның салдарынан олар желдің әсерімен жан-жаққа жайылып табиғатқа қыруар зиянын тигізеді. Осындай жағдайларды болдырмау үшін шаруашылық басшылары дала жұмысына бөлінген адамдардың өртке қарсы ережелерді қатаң сақтауын талап етуі тиіс.

**Қазалы ауданының
Төтенше
жағдайлар бөлімі**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.